

**"1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2700 Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 қаңтар N 53

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының 1996 жылға арналған республикалық бюджеті қолданылып жүрген бюджеттік жіктеме бойынша - 1 қосымшаға сәйкес кірістері бойынша 149646054 мың теңге, шығыстары бойынша - 193597186 мың теңге, тапшылықтың шекті мөлшері 43951132 мың теңге сомасында атқарылуға қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен келісіп 1996 жылдың 20 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасы бюджетінің кірістері мен шығыстарының жаңа бюджеттік жіктемесін бекітіп, оны облыстар мен Алматы қаласының әкімдеріне, министрліктерге, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарға жеткізсін.

Министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне бекітілген нысан бойынша ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың әрқайсысын жеке-дара көрсетіп, жаңа бюджеттік жіктеме бойынша шығындар сметасын 1996 жылдың 1 наурызына дейін тапсырсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жаңа бюджеттік жіктемеге сәйкес бухгалтерлік есеп пен есептеме нысандарына өзгертулер енгізіліп, оларды министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарға, жергілікті қаржы органдарына 1996 жылдың 1 сәуіріне дейін жеткізсін. Бюджетті жаңа бюджеттік жіктеме бойынша атқаруға кезең-кезеңмен көшу 1996 жылдың ішінде жүзеге асырылсын.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісіп жаңа бюджеттік жіктемеге сәйкес бюджеттің атқарылуын есепке алу жөнінде бағдарламалық құралдар жасау ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бюджетті жүзеге асыру барысында жаңа бағдарламалық өнімді жасауға ақы төлеуге қажетті қаражат іздестірсін.

3. "Қазақстан әуе жолы" ұлттық авиакомпаниясы, "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясы, Темір жол басқармалары, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорны бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер

министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесінің ұйымдары үшін заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша есеп айырысудың орталықтандырылған тәртібі с а қ т а л с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті жекешелендіруден бюджетке түсетін жоспарланған түсімдерді қамтамасыз ету мақсатында қолданылып жүрген нормативтік және нұсқамалық құжаттарға бір ай мерзімде тиісті өзгертулер енгізілсін; шағын және жаппай жекешелендіру шеңберінде ешқандай ерекшеліксіз барлық объектілерді тек ашық коммерциялық конкурстар мен аукциондарда сатуды жекешелендіретін объектілерді бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалауды кеңінен пайдаланып қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті қызмет үйлерін ұтымды пайдалану мақсатында мемлекеттік, атқару, сот, прокуратура органдарына пайдалануға берілген қызмет үй-жайларын түгендеуді бір ай мерзімде жүзеге асырсын. Басқару аппаратының санына қарай олардың кейбіреулерін көшіру жөнінде ұсыныстар әзірлесін; Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетпен бірлесіп және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісіп;

- мемлекеттік мүлікті жалға алу прејскуранттарын қайта қарап, оларды аймақтарда қалыптасқан нарық бағаларымен сәйкестендірсін;

- мемлекеттік мүлікті жалға алудың бұдан бұрын жасалған барлық шарттарын жаңа прејскуранттар бойынша 1996 жылғы ақпанның аяғына дейін қайта рәсімдесін.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне мемлекеттік мүлікті қосымша жалға алудың шарттарын олардан түсетін табыстарды тиісті жергілікті бюджетке аударуды ескеріп мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитеттерде міндетті түрде тіркеу бөлігінде шарт жасау қағидаларына өзгертулер енгізу тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісіп олардың иелігіне, пайдалануына және басқаруына берілген мемлекеттік мүлікті жалдайтын бөгде ұйымдардың жалға алу тәртібін бір ай мерзімде әзірлесін.

6. 1996 жылдан бастап акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттеріне арналған дивидендтерді әрбір тоқсанның жұмыс қорытындысы бойынша аударатын болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті акционерлердің жалпы жиналыстарына акционерлік қоғамдардың жарғыларына тиісті өзгертулер енгізуді ұсынсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп акциялардың мемлекетке тиесілі пакеттеріне арналған дивидендтерді республикалық бюджеттің

кірістеріне аударудың тәртібін бір ай мерзімде әзірлеп, бекітсін.

7. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті статистикалық есептерде акциялардың мемлекеттік пакеттеріне арналған дивидендтерді есептеу жөнінде мәліметтер беруді қарастырсын.

8. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісіп жер қойнауын қорғау жөніндегі жалпы мемлекеттік маңызы бар шараларды жоспарлау мен қаржыландырудың тәртібін бекіту жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын бір ай мерзімде әзірлесін.

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жаңа тұрғын үй саясаты жөніндегі шараларды жүзеге асыруға бюджетте қарастырылған 2414776 мың теңге сомасындағы қаражатты мыналарға жұмсасын:

- ұзақ мерзімді несиелі ресурстары және Тұрғын-үй-құрылыс банкінің жарғылық қорын құрау - 1455000 мың теңге;

- тұрғын үй алу кезегінде 10 жыл және одан да көп тұрған кезектегі адамдарға көмек қаржы - 100000 мың теңге;

- коммуналдық шаруашылық объектілерін салу - 440000 мың теңге;

- халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын жіктері үшін тұрғын үйлер салу - 419776 мың теңге.

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкі (Тұрғынүйқұрылысбанк) Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісіп аталған қаражатты нысаналы бөлу жөнінде ұсыныстар әзірлеп, оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

10. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісіп республикалық бюджеттен қаржыландырылатын 50000 мың теңге сомасында жалпы республикалық маңызы бар жобалау-іздістіру жұмыстарының тізбесін бекітсін.

11. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісіп Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітуге:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен жүзеге асырылатын инвестициялық жобалардың;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен мемлекеттік бюджетпен бірігіп қаржыландырылатын инвестициялық жобалардың;

- Қазақстан Республикасының Эксимбанкі арқылы бюджеттік қаржы есебінен несиеленетін инвестициялық жобалардың;

- қайтарымсыз негізде республикалық бюджет қаржысы есебінен

қаржыландырылатын нысаналы республикалық бағдарламаларда қарастырылған өндірістік мақсаттағы және әлеуметтік саланың құрылыс объектілерінің тізбелерін екі апта мерзімде тапсырсын.

12. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесіп, республиканың мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталатын ұйымдар үшін өнімді мемлекеттік сатып алу жүйесін бір ай мерзімде әзірлеп, оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынсын.

13. Мемлекеттік материалдық резервтерді толықтыру көздерін көбейту мақсатында Қазақстан Республикасының Материалдық резервтер жөніндегі мемлекеттік комитеті, төлемдерді ұзарту кезеңі үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі қайта қаржыландыру ставкасы бойынша өсім есептеп, мемлекеттік резервтен алынған материалдық құндылықтар үшін шаруашылық жүргізуші субъектілердің берешектерін республикалық бюджеттің пайдасына ықтиярсыз өндіріп алу жөнінде кезек күттірмес шаралар қолдансын.

14. Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісіп:

- сауықтыру және жекешелендіру үшін 1996 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік медетші банкіне берілуі тиіс ұйымдардың тізбесі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметіне белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізсін;

- жеке жоба бойынша ұйымдарды жекешелендіру кестесін Үкіметтің бекітуіне бір ай мерзімде енгізсін.

15. Республикалық бюджетте қарастырылған конверсиялауға 400000 мың теңге сомасында қаражат N 2 қосымшаға сәйкес ұйымдар бойынша бөлінсін.

16. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері 1996 жылдың 1 сәуірінен бастап республиканың жұмыс істемейтін халқын сақтандыруға бюджет құрамында қарастырылған қаражатты Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорының бөлімшелеріне аударсын.

17. Қазақстан Республикасының "Интелсат" телерадио хабарының Ұлттық спутник жүйесін енгізуге бюджетте қарастырылған қаражат Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігіне жіберсін.

18. "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы тоқсан сайын растайтын хабар таратудың кестесі мен нақты көлеміне сәйкес мемлекеттік теледидар мен радио тарату жөніндегі байланыс қызметтерінің ақысын төлеуге Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне 2577080 мың теңге мөлшерде қаржы қарастырылсын.

19. Әлеуметтік маңызы бар газеттер мен журналдарды шығаруға республикалық бюджетте қарастырылған 486000 мың теңге көмек қаржы N 3 қосымшаға сәйкес бөлінсін.

ЕСКЕРТУ. 20-тармақтың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1996.11.01.  
N 1338 қаулысымен.

21. 1996 жылға арналған республикалық бюджетте профессор-оқытушылар құрамының мамандықтары бойынша оқу және әдістеме әдебиетін сатып алу үшін лауазымдық жалақы мөлшерінде, сондай-ақ мемлекеттік жоғары оқу орындарының күндізгі оқу бөлімдерінің барлық студенттеріне айлық стипендия мөлшерінде арнаулы мақсатты жәрдемақылар төлеуге қаражат қарастырылатыны ескерілсін.

22. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, өздерінің қарамағында жоғары, арнаулы орта оқу орындары мен кәсіптік-техникалық училищелер бар басқа да министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар 1996-1997 оқу жылына мемлекеттік жоғары оқу орындарына студенттер қабылдау жоспарын 20 процент, арнаулы орта оқу орындарына оқушылар қабылдау жоспарын 30 процент, кәсіптік-техникалық училищелерге оқушылар қабылдау 25 процент қысқартуды ескере отырып қабылдау жоспарын қайта қарап, оларды ақылы шартты негізде оқытуға көшіруді жүзеге асырсын; 1996 жылдың бірінші тоқсанында оқу орындарының жүйесін оңтайландыруды, олардың жұмыс нормалары мен жағдайларын ұтымды етуді аяқтасын.

23. Қазақстан Республикасы Білім министрлігі жүйесінің 12 арнаулы орта оқу орындарын және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациясы министрлігі жүйесінің 10 кәсіптік-техникалық училищесін ұстау жөніндегі шығындарды 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап N 4 және N 5 қосымшаларға сәйкес республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге аударсын.

24. 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап Ақтөбе жоғары ұшқыштар училищесі Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің қарамағына Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қарауына берілсін.

25. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, Мемлекеттік жоғары оқу орындары бар мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар, Қазақ мемлекеттік басқару академиясын, Қазақ ұлттық техникалық университетін, Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясын, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін, Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін, Қазақ мемлекеттік заң институтын ұстауға қаржы бөлуді көздеп, жалақы ставкаларына 1,75, Мемлекеттік басқару жөніндегі ұлттық жоғары мектепке - 2 көтеріңкі коэффициентін белгілесін.

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ұлттық ғылым академиясына және Ұлттық кітапханаға бөлінген еңбекақы қорының шегінде ведомстволық бағыныстағы ғылыми мекемелерге еңбекақы ставкаларына 1.75 көтеріңкі коэффициент белгілеу қүқығы берілсін.

ЕСКЕРТУ. 25-тармақтың 2-абзацы жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің

26. 1996 жылға арналған республикалық бюджетте ғылымды қаржыландыруға 3050000 мың теңге сомасында қаражат қарастырылғаны ескерілсін.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі мен Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, ғылымға арналған қаражатты конкурстық іріктеуден өткен тақырыптарға сәйкес бөлсін.

27. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бюджет есебінен ұсталатын ұйымдардың жүйесін оңтайландыруды 6-қосымшаға сәйкес жүзеге асырсын.

28. Павлодар, Ақсу, Шымкент, Кентау, Ленгір қалаларының мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері мен денсаулық сақтау объектілерін жергілікті атқарушы өкімет органдарының ұстауына беру жөнінде 1996 жылға арналған, Халықаралық Қайта құру және Даму Банкімен келісілген жылдық жұмыс бағдарламалары атқаруға және басшылыққа алынсын.

1996 жылға арналған жылдық жұмыс бағдарламаларына сәйкес Әлеуметтік қорғау жобасы бойынша ағымдағы қажеттерді және жөндеу-құрылыс жұмыстарын бірлесе қаржыландыруға арналып Павлодар облысының бюджетінде 14719 мың теңге және Оңтүстік Қазақстан облысының бюджетінде 11909 мың теңге қаражат қарастырылатыны ескерілсін, Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім министрлігі және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Әлеуметтік қорғау жобасы жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыруға жәрдем көрсетіп отырсын.

Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері Әлеуметтік қорғау жобасы бойынша бюджеттік қаражат пен сыртқы займ қаржыларының мақсатты пайдаланылуына бақылау орнататын болсын.

29. (Құпия)

30. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен өзге де орталық атқарушы органдармен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісіп:

- ауыл шаруашылығының тауар өндірушілерін лизингілік негізде машина жасау өнеркәсібінің өнімдерімен қамтамасыз етудің;

- ауыл шаруашылығындағы шағын және орташа бизнесті қолдау және дамыту үшін қаражат бөлудің конкурстық тәртібін бір ай мерзімде әзірлесін.

31. Республикалық бюджетте Қазақстанның кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту орталығына шағын және орташа бизнестің мониторингін жүргізуге және инфрақұрылымын құруға 50000 мың теңге сомасында қаражат көзделсін.

32. Мал дәрігерлік-санитарлық қадағалауды күшейту және мемлекеттік бақылау

функцияларын атқаратын мемлекеттік мал дәрігерлік қызмет пен өсімдік қорғау қызметінің жоғарыдан төмен қарайғы құрылымын қамтамасыз ету мақсатында олардың ұйымдарын ұстауға жұмсалатын шығындарды қаржыландыру жергілікті бюджеттерден республикалық бюджетке 7-қосымшаға сәйкес берілсін.

33. Жерге орналастыру жөніндегі шараларды 376740 мың теңге сомасында, соның ішінде меншік құқығын, жерлі пайдалану құқығын сатудан, оның ішінде жер учаскелерін жалға беруден алынатын қаржы есебінен 173200 мың теңге сомасында қаржыландыру қарастырылсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жерге орналастыру жұмыстарын меншік құқығын, жерді пайдалану құқығын сатудан, соның ішінде жер учаскелерін жалға беруден алынатын қаржылар есебінен қаржыландыруды аталған қаржылардың республикалық бюджеттің кірісіне нақты түсуіне қарай жүзеге асырсын.

34. Республикадағы төтенше жағдайларға байланысты қаржыларды жұмылдыру қажеттігін ескере отырып, селден қорғау шараларына арналған 62555 мың теңге сомасындағы, адамдарды суда құтқару жөніндегі шараларға арналған 821 мың теңге сомасындағы операциялық шығыстарды қаржыландыру Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті арқылы жүзеге асырылсын. Облыстарда адамдарды судан құтқару жөніндегі шаралар жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүзеге асырылатыны ескерілсін.

35. "Кәсіпорындардың балансында тұрған әлеуметтік мәдени-тұрмыстық объектілерді жергілікті атқарушы органдарға берудің және оларды одан әрі пайдаланудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 14 шілдедегі N 975 қаулысына р950975\_ (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 24, 282-бап) сәйкес 1996 жылға арналған бюджетте конверсияланатын, қала салуға негіз болған және қайта жандандырылатын ұйымдардың, сондай-ақ ведомстволық тұрғын үй қорын жергілікті атқарушы органдардың балансына беретін ғылыми мекемелердің - агроқалашықтардың тұрғын үй қорын жылумен және ыстық сумен жабдықтау жөніндегі баға айырмасын өтеуге қаражат қарастырылғаны ескерілсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі конверсияланатын кәсіпорындардың денсаулық сақтау ұйымдарын қаржыландыруға арналған қаражатты Алматы, Батыс Қазақстан және Павлодар облыстарының жергілікті бюджеттеріне қабылдау-беру актілерінің рәсімделуіне қарай беріп отырсын.

36. Жамбыл Жабаевтың 150 жылдығына арналып республикалық бюджетте қарастырылған 135000 мың теңге сомасындағы қаражат 8-қосымшаға сәйкес бөлінсін.

37. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі, Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасы Экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісім бойынша мұқтаждарға нысаналы

әлеуметтік көмек көрсету үшін отбасының жиынтық табысын есептеу әдістемесін әзірлеп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне екі апта мерзімде енгізсін.

38. 1996 жылы облыстардың және Алматы қаласының шығыстары құрамында:

- табысты аз отбасыларына нысаналы әлеуметтік көмек көрсету үшін;  
- қолданылып жүрген заңдарда аталған жеңілдіктер көзделген халықтың жекелеген санаттарына электр қуатын, қатты және сұйық отынды, газды, тұрғын үй-коммуналдық қызметтерді жеңілдікпен беруге байланысты шаруашылық жүргізуші субъектілердің шығындарын өтеуге;

- Алматы қаласының 1996 жылға арналған бюджетінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік Ескерткішін орнатуға 160000 мың теңге сомасында қаражат қарастырылғаны ескерілсін.

39 . ( Қ ұ п и я ) .

40 . ( Қ ұ п и я ) .

41. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетімен бірлесіп мүлікті бөлу аяқталғаннан кейін 1996 жылға арналған бюджетте қарастырылған қаражаттың осы ведомстволардың арасында бөлінуін Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне тапсырсын.

42. Орталық және жергілікті өкілді атқарушы органдарды ұстауға жұмсалатын мемлекеттік қаржы үнемдеу тәртібін күшейту мақсатында:

- Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі орнатылған телефондарға түгендеу жүргізсін, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп телефондардың түрлері бойынша олардың санының лимиттері және пәтерлеріне қызмет бабында пайдаланылатын телефондар орнату құқығы берілген министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың басшы қызметкерлері, облыстар, қалалар мен аудандар әкімдері лауазымдарының тізбесі туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бір ай мерзімде енгізсін.

- Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп, мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдар үшін қызмет бабында пайдаланылатын жеңіл автокөлік ұстауға және қызмет бабында пайдаланылатын телефондар мен телефон байланысын пайдалануға жұмсалатын шығындардың лимиттері жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

43. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджетте орталық өкілдік және атқарушы, сондай-ақ республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын олардың жергілікті органдарының қажетіне қарастырылған



қаражаттың нысаналы бөлінуін Қазақстан Республикасының Үкіметіне екі апта мерзімде ұсынсын.

44. ТМД-ның мемлекетаралық және үкіметаралық органдары үлесті қаржыландыру жөніндегі қаржы міндеттемелерін орындау мақсатында республикалық бюджеттің шығыстарында осы мақсаттарға 529958 мың теңге сомасында қаражат қарастырылсын.

45. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорының мөлшері 3574040 мың теңге сомасында, соның ішінде төтенше жағдайларды қаржыландыру үшін 1857520 мың теңге сомасында белгіленгені ескерілсін.

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың ұстау және азаматтық қорғаныс жөніндегі шараларды қаржыландыру үшін 464380 мың теңге сомасында қаражат қарастырылсын.

Төтенше жағдайларды қаржыландыруға арналған резервтік қордың қаржысын жұмсау әрбір нақты жағдайда Үкіметтің шешімі негізінде жүргізілетін болып белгіленсін.

46. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстанның халықаралық ұйымдарға мүшелігін тәртіпке келтіру жөнінде ұсыныстарын Қазақстан Республикасының Үкіметіне бір ай мерзімде енгізісін.

Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға енуі туралы шешімдер Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісіп қабылданатыны белгіленсін.

47. Мемлекеттік кепілдікпен тартылатын шетелдік займдарды, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдарынан, шетелдік мемлекеттердің үкімет және үкіметтен тыс мекемелерінен келіп түсетін қаржы және техникалық көмекті, гаранттарды пайдаланудың бағыттары Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен міндетті түрде келісіліп, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі айқындаған мерзімдерде ай сайын есептер берілетін болып белгіленсін.

48. 1996 жылы мемлекеттік бюджеттің тапшылығына алынған мемлекеттік ішкі борыш пен несиелерге қызмет көрсету нөлдік ставка бойынша жүзеге асырылады деп белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.12.31. № 1766 қаулысымен.

49. 1996 жылы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің консулдық алымдарынан түсетін түсімдер республикалық бюджеттің кірісіне есептеліп, елшіліктерді ұстауға пайдаланылатын болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының шет елдердегі өкілдіктерін қаржыландыру тәртібін екі ай мерзімде әзірлеп, бекітсін.

50. Импорттық баждың түсуін көбейту және шетелдік валютаны пайдаланудың

тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасына импортталатын тауарлардың жөнелту алдындағы инспекциясын жүзеге асыру үшін сыртқы экономикалық қызметке жұмсалатын шығындар құрамында халықаралық тәуелсіз " Сосиете Женераль де Сюрвеянс С.А." фирмасын қаржыландыруға 887500 мың теңге сомасында қаражат қарастырылсын.

51. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, облыстар мен Алматы қаласы әкімдерінің, ұйымдардың алуан түрлі салық және кеден жеңілдіктерін беру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне жолдаған өтініштері, бюджетке төленетін төлемдер бойынша борыштарды төлеуді, бюджеттен берілген несиелерді қайтару мерзімін кейінге қалдыру, республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлу жөніндегі ұсыныстары міндетті түрде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісілуге тиіс болып белгіленсін. Жоғарыда аталған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің алдын ала қорытындысы болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі өтініштерді қарауға қабылдамайды.

Облыстардың және Алматы қаласының әкімдеріне жергілікті бюджеттер бойынша қаржы мәселелерін қарау тәртібіне қатысты осындай шешім қабылдау ұсынылсын.

52. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп отандық жер қойнауын пайдаланушыларды шарттық жүйеге көшіруді бір ай мерзімде жүзеге

асырсын.

53.

ЕСКЕРТУ. 53-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.04.02.

№ 465 қаулысымен.

54. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және ведомстволармен бірлесіп Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бұдан бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бір ай мерзімде енгізісін.

55. Осы қаулы 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің  
1996 жылғы 11 қаңтардағы  
N 53 қаулысына  
1 қосымша

Қазақстан Республикасының 1996 жылға арналған  
республикалық бюджеті  
(қолданылып жүрген жіктеме бойынша)

КІРІСТЕР

I. Бөлім: БЮДЖЕТ БОЙЫНША МЕКЕМЕЛЕР МЕН ШАРАЛАР  
(мың теңге)

Жалпы мемлекеттік салықтар

1. Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы	22693880
2. Қосылған құнға салынатын салық	19820668
3. Акциздер	4009390
4. Бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық	524900
5. Табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін өсіре пайдаға салынатын салық	3606090
6. Жеке тұлғалардан төлем кезінен ұстап қалынатын табыс салығы	9102731

ЖАЛПЫМЕМЛЕКЕТТІК САЛЫҚТАРДЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ: 59757659

Алымдар мен салыққа жатпайтын кірістер

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінен және екінші сатыдағы банктерден бюджетке алынатын түсімдер, барлығы	824300
--	--------

соның ішінде:

- үстіміздегі жылдың пайдасынан 0

- Үкіметтің Қазақстан Республикасының Ұлттық

банкіндегі және екінші сатыдағы банктердегі депозиттері үшін алынатын табыстардан	824300
2. Бюджеттің шығыстарын өтеу, барлығы	8907741
а) өзіндік айналым қаржысының жетіспеушілігіне процентімен бюджет несиелері мен кредиттерінен	1407741
б) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік банкі алған кредиттен	3500000
в) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен әкімдерінің кепілдігіне берілген директивалық кредиттер бойынша борыштардан	3000000
г) ішкі республикалық есептің нәтижелері бойынша сомалардан	1000000
3. Алымдар және салыққа жатпайтын түрлі кірістер, барлығы:	21931900

соның ішінде:

а) "Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін алынатын жалдау ақысы	8165000
б) өзге де түсімдер	13766900
4. Астық сатудан алынатын қаржының түсуі	6000000
5. Жерге берілген құқықты сатудан түсетін кірістер	173200
6. Мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер	14550000
7. Мемлекетке тиесілі акциялардың пакеттеріне салынатын дивидендтердің түсімі	2800000

АЛЫМДАР МЕН САЛЫҚҚА ЖАТПАЙТЫН КІРІСТЕРДІҢ ЖИЫНТЫҒЫ:  
55187141

I бөлім бойынша КІРІСТЕР ЖИЫНТЫҒЫ: 114944800

II Бөлім: Мақсатты қаржыландыру қорлары

Республикалық

Жер қойнауын қорғау және минералдық шикізат

базасын ұдайы молайту қоры

4570000

Республикалық табиғат қорғау қоры 150545

II бөлім бойынша КІРІСТЕР ЖИЫНТЫҒЫ: 4720545

III Бөлім: Сыртқы экономикалық қызмет

1. Салынатын кеден бажы:

а) экспортталатын тауарларға 15149000

б) импортталатын тауарларға 4168000

2. Кеден ресімдеулері 1072029

3. Роялти мен бонустардан алынатын түсімдер 5320000

4. Ішкі нарықта бірінші қажетті импорттық тауарларды сатудан алынатын түсімдер 298200

5. Тікелей қаржыландыру бойынша қаражаттың ұлттық валютамен қайтарылуы 199510

6. Кәсіпорындардың валюта бойынша сыртқы міндеттемелерін өтеумен байланысты олардың бюджет шығыстарының орнын толтыруы 744151

7. Үкіметтің кепілдігі бойынша бюджет шығыстарын ұйымдардың өтеуі 1515495

8. Консулдық қызметтер көрсетілгені үшін алынатын алымдар 497000

9. Әлеуметтік қорғау жөніндегі займ қаражатының бюджет кірісіне өтелуі 17324

10. Басқалар 1000000

III бөлім бойынша КІРІСТЕР ЖИЫНТЫҒЫ: 29980709

Республикалық бюджет бойынша КІРІСТЕР БАРЛЫҒЫ: 149646054

## ШЫҒЫСТАР

I. Бөлім: Бюджет бойынша мекемелер және шаралар

1. Экономиканы қаржыландыру 31651717

соның ішінде:

ӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ

Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі:	
- қалпына келтірілетін энергия көздеріне	20000
Өнеркәсіп және сауда министрлігі:	
- Мырғалымсай кешенінің сутөгеріне	374094
Өнеркәсіп кешені бойынша ЖИЫНТЫҒЫ:	394094

### ҚҰРЫЛЫС КЕШЕНІ

Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі	
- жобалауға	50000
Құрылыс кешені бойынша ЖИЫНТЫҒЫ:	50000

### АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН

Су ресурстары жөніндегі комитет	
- операциялық шығыстарға	244576
Қазақ ауылшаруашылық академиясы, барлығы	6520
соның ішінде помологиялық бау-бақшаға	4576
Ауыл шаруашылығы министрлігі, барлығы	10065066
соның ішінде:	
- операциялық шығыстар	2385066
- ауыл шаруашылығында шағын және орташа бизнесті дамытуға	3500000
- лизингтік негізде техника сатып алуға	600000
- Ауыл шаруашылығын қаржымен қолдау қоры	3580000
Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, операциялық шығыстарға	376740
Агроөнеркәсіптік кешен бойынша ЖИЫНТЫҒЫ:	10692902

### КӨЛІК КЕШЕНІ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС

Көлік және коммуникациялар министрлігі, барлығы	113560
соның ішінде:	
- операциялық шығыстар (жол шаруашылығы, кеме жүретін шлюздер және кеме қатынасы қауіпсіздігі инспекциялары қажетіне)	62069
- фельдъегерлік қызмет қажетіне	51491

"Қазақстан жолдары" акционерлік компаниясы  
(селден қорғау шаралары бойынша) 62555  
Көлік және байланыс бойынша ЖИЫНТЫҒЫ: 176115

## ӘЛЕУМЕТТІК КЕШЕН

1. Жеңілдіктер төлемдері бойынша шығыстар, барлығы 1112195  
соның ішінде:
- жүріп тұруға және байланыс қызметіне  
байланысты жеңілдіктер беруге, барлығы 1112195
  - мүгедек балаларға 30160
  - бірінші және екінші топтардағы мүгедектерге 240178
  - Қазақстан Республикасы алдында ерекше еңбек  
сіңіргені үшін зейнетақы алатын азаматтарға 51141
  - Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 790716
2. Жаңа тұрғын үй саясатын іске асыруға, барлығы 2414776
3. Әлеуметтік кешен бойынша басқа шараларға
- а) Мәдениет министрлігі ("Қазақкино"  
кинокомпаниясы), барлығы 97067  
соның ішінде:
- селолық кино торабы мен кинопрокат  
ұйымдарының шығасысын өтеуге 37337
  - ұлттық көркем, дәйекті-деректі, балалар  
және мультипликациялық фильмдер шығаруға 54730
  - киноның 100 жылдығына мерекелеу жөніндегі  
шаралар 5000
- б) Қазақ мемлекеттік ақпарат агенттігі 10800
- в) Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері  
жөніндегі Ұлттық агенттік 933065
- г) Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі,  
күрделі жөндеуге 67799
- Әлеуметтік кешен бойынша ЖИЫНТЫҒЫ: 4635702

## КЕШЕНДЕРГЕ КІРМЕГЕНДЕР

Экология және биоресурстар министрлігі  
(операциялық шығыстар) 155680

Орман шаруашылығы комитеті (операциялық шығыстар)	622720
Геодезия және картография бас басқармасы	85000
Материалдық резервтік жөніндегі комитет, барлығы:	1254437

соның ішінде:

- операциялық шығыстар	110637
Адамдарды суда құтқару шараларына жұмсалатын шығындар	821
Қазынашылық пен салық полициясының материалдық базасын нығайтуға жұмсалатын шығындар	850744
Кеден комитеті	50645
Қазақстан Республикасы Парламентінің материалдық-техникалық базасын дамытуға	30881
Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы	280200
Гидрометеорология жөніндегі бас басқарма, операциялық шығыстар	304500
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне берілетін несие	3643800
Мемлекеттік күрделі қаржылар	1000000
Жекешелендіруді жүзеге асыруға	92876
Қазақстан Республикасы Медетші банкісінің қызметіне қаржыландыруға, барлығы	6000000
соның ішінде:	
Экономика министрлігі арқылы жүзеге асырылатын конверсия жөніндегі шығыстар	400000
Мемстатком (халық санағы)	28000
Инвестициялық жобаларды қосыла қаржыландыруға жұмсалатын шығыстар	752600
Мониторингті енгізу мен шағын және орташа бизнестің инфрақұрылымын жасау жөніндегі шығыстар	50000
Қаржы министрлігінің басқа да шығыстары	500000
Кешендерге кірмегендер бойынша ЖИЫНТЫҒЫ:	15702904



2. Әлеуметтік мәдени шараларды қаржыландыру, барлығы	24318082
соның ішінде:	
а) білім беру және кадрларды кәсіби даярлау	11037060
б) мәдениет пен өнер	1199319
в) бұқаралық ақпарат құралдары	4729208
г) денсаулық сақтау	5660544
д) дене тәрбиесі	737705
е) әлеуметтік қамсыздандыру, барлығы	954246
соның ішінде:	
- әлеуметтік қамсыздандыру ұйымдарын ұстау және шараларын өткізу	158519
Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің санаторий-курорттық емделуіне және материалдық көмекке жұмсалатын шығыстар өтемі	706052
Қоғамдық бірлестіктердің сурдо-тифло техникалық құралдарды сатып алуы	89675
3. Ғылымды қаржыландыру, барлығы	3050000
4. Қорғанысқа жұмсалатын шығыстар, барлығы	17240462
соның ішінде:	
- жалпы мақсаттағы Қарулы Күштер	16830198
- Республикалық ұлан	410264
5. Мемлекеттік органдарды ұстауға жұмсалатын шығындар, барлығы	4576422
соның ішінде:	
- Қазақстан Республикасының Парламенті	572414
- Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі	1005907
- Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты	136857
- Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі	18500
- Облыстық және Алматы қалалық соттары	407990

- Аудандық соттар 1160814
- Әскери соттар 49625
- Қазақстан Республикасының Прокуратурасы 1224315

6. Құқық қорғау органдарының қажетіне жұмсалатын шығындар, барлығы 19647650

соның ішінде:

- Ішкі істер министрлігі  
(Мемлекеттік тергеу комитетін қоса алғанда) 11418300
- Ұлттық қауіпсіздік комитеті 2394190
- Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитет 3367000
- Шекара әскерлерінің әскери институты 312300
- Ішкі әскерлер 2143420
- Үкімет жанындағы Ақпарат қорғау жөніндегі мемлекеттік техникалық комиссия 12440

7. Қазақстан Республикасы Үкіметі аппаратының, орталық және жергілікті атқарушы органдардың қажетіне жұмсалатын шығындар 8168340

8. Резервтік қорлар, барлығы 3574040  
соның ішінде:

- төтенше жағдайларды қаржыландыру үшін 1857520
- азаматтық қорғаныс жөніндегі шараларды қаржыландыру үшін 464380

9. Әртүрлі төлемдер, барлығы 2040000  
соның ішінде:

- мемлекет мұқтаждарына астық сатып алуға арналған қаржы 2000000
- адвокаттардың қызметіне ақы төлеу 40000

10. Басқа да шығыстар 2052460

11. Сайлау өткізуге жұмсалатын шығыстар 102864

12. Мемлекеттік ішкі қарызға қызмет көрсету  
жөніндегі шығындар, барлығы 3905250

соның ішінде:

- бюджет тапшылығы үшін кредитке  
проценттер төлеу 0

- ішкі қарыз бойынша проценттер төлеу  
жөніндегі шығыстар 0

- қазынашылық облигацияларды өтеуге  
жұмсалатын шығыстар 3500000

- қазынашылық міндеттемелерге қызмет  
көрсету жөніндегі шығындар 5250

- қысқа мерзімді қазынашылық вексельдерін  
өтеуге жұмсалатын резерв 400000

13. Мемлекетаралық ұйымдарға қызмет көрсету  
жөніндегі шығындар 529958

Жергілікті бюджеттерге субвенция 20018054

I бөлім бойынша ШЫҒЫСТАР ЖИЫНТЫҒЫ 158034799

II бөлім: МАҚСАТТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҚОРЛАРЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МИНЕРАЛДЫҚ-ШИКІЗАТ БАЗАСЫН

ҰДАЙЫ МОЛАЙТУ ҚОРЫ 3200000

ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ҚОРЫ 112908

II бөлім бойынша ШЫҒЫСТАР ЖИЫНТЫҒЫ 3312908

III бөлім: СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

ЕЛШІЛІКТЕР, ӨКІЛДІКТЕР ҚАЖЕТІНЕ ЖӘНЕ БАСҚА  
ДА МАҚСАТТАРҒА ВАЛЮТА САТЫП АЛУҒА, БАРЛЫҒЫ 24084479

соның ішінде:

- 1) сыртқы заемдар мен міндеттемелерді  
өтеуге жұмсалатын шығыстар 17546458
- 2) сыртқы экономикалық қызметке  
жұмсалатын шығыстар 4230521  
соның ішінде:
- халықаралық ұйымдарға төленетін жарналар 1278000
  - ТМД атқарушы органдарын ұстауға 5396
  - жұмыс істеп тұрған және жаңа  
елшіліктерді ұстауға 2438268
  - Орталық Азия Ынтымақтастық және даму  
банкінің жарғы қорына төленетін жарна 47357
  - сыртқы қарызды өтеу үшін "Каспийшельф"  
мемлекеттік концернінің уақытша  
тартылған қаражатын қайтару 355000
  - өзге де шығыстар 106500
- 3) импортталатын тауарларды сараптық  
бағалаудан өткізгені үшін "Сосиете Женераль  
де Сбрвеянс С.А." (СЖС-ке) төленетін ақы 887500
- 4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
кезек күттірмейтін қажеттеріне  
жұмсалатын шығыстар 1420000

МЕМЛЕКЕТТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАУҒА  
БАЙЛАНЫСТЫ ШЫҒЫСТАР 8165000

III бөлім бойынша ШЫҒЫСТАР ЖИЫНТЫҒЫ 32249479

Республикалық бюджет бойынша  
БАРЛЫҚ ШЫҒЫСТАР: 193597186  
Шығыстардың кірістерден артуы (тапшылық,) - 43951132  
барлығы

соның ішінде мыналар есебінен өтеу:

I. Қаржыландырудың сыртқы көздері, барлығы 28451132

соның ішінде:

1. Сыртқы займ бойынша түсімдер 29451132

- индикстелген займдар 5700000

2. Түзету сомасын шегеріп тастағанда, барлығы -1000000

соның ішінде:

- мемлекеттік сыртқы заемды өтеуге -1000000

II. Бағалы қағаздарды сату есебінен, барлығы -8000000

соның ішінде:

- халыққа арналған жинақ облигациялары 1000000

- Мемлекеттік қысқа мерзімді қазыналық

вексельдерді және басқа да бағалы

қағаздардың аукциондық сатудан қаржының түсуі 7000000

III. Қаржыландырудың ішкі көздері есебінен,

барлығы 7500000

соның ішінде:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің

кредит ресурстары есебінен 7500000

14. Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын

министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, өзге де

мемлекеттік органдарға, сондай-ақ облыстар мен Алматы

қаласының бюджеттеріне қаржы - 17159500

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша өзгертілді және 14-жолмен толықтырылды -

ҚРҰ-нің 1996.12.31. N 1766 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 11 қаңтардағы

N 53 қаулысына

N 2 қосымша

1996 жылы Қазақстан Республикасының бюджетінен

Конверсия бағдарламасына бөлінетін қаражатты

БӨЛУ

---

Кәсіпорындардың, ұйымдардың |Қаражат| соның ішінде  
 атауы |көлемі| \_\_\_\_\_  
 | мың |азаматтық |тапсырыстың  
 | теңге |өнімнің |қысқартылуына  
 | |басым |байланысты  
 | |үлгілерін |берешекті  
 | |игеруге |өтеуге

---

1 | 2 | 3 | 4 | 5

---

Конверсияға жұмсалатын шығыстар 400 000 380 000 20 000

соның ішінде:

Өнеркәсіпсаудамині 236 000 216 000 20 000

"Химия өнеркәсібі" АҚ,

Павлодар қаласы 66 000 66 000

"Қорғау" ҰАҚ-ның кәсіпорындары

барлығы 170 000 150 000 20 000

соның ішінде:

"Машина жасау зауыты" АҚ,

Алматы қаласы 14 000 10 000 4 000

"Гидромаш" зауыты" АҚ,

Алматы қаласы 23 000 20 000 3 000

"Ауыр машина жасау зауыты" АҚ,

Петропавл қаласы 5 000 5 000

"ЗИКСТО" АҚ, Петропавл қаласы

(Куйбышев) 1 000 1 000

"Атқарушы механизмдер зауыты" АҚ

Петропавл қаласы 1 000 1 000

"Киров атындағы ӨБ" АҚ,

Петропавл қаласы 11 000 10 000 1 000

"Тыныс" АҚ, Көкшетау қаласы 21 000 20 000 1 000

"Керамика" АҚ, Өскемен қаласы 32 000 30 000 2 000

"Омега" АҚ, Орал қаласы 21 000 20 000 1 000

"Шельф" АҚ, Атырау қаласы 1 000 1 000

"Көкше" АҚ, Көкшетау қаласы 20 000 20 000

"Оралдың Зенит зауыты" АҚ,

Орал қаласы 20 000 20 000

Энергиякөмірмині 143 000 143 000

"КАТЭП" ҰАҚ-ның кәсіпорындары

"Серебрянск органикалық емес өндірістер зауыты" АҚ, Серебрянск қаласы ШҚО	25 000	25 000
"Тың кен-химия комбинаты" МХК, Степногорск қаласы	55 000	55 000
Батыс кен басқармасы	15 000	15 000
"Ертіс химия-металлургия зауыты" АҚ, Первомайск поселкесі ШҚО	48 000	48 000
Ғылыммині	21 000	21 000
"Алатау" АҚ, Алматы қаласы	15 000	15 000
Арнаулы конструкторлық-технологиялық бюро, Алматы қаласы	6 000	6 000

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 11 қаңтардағы  
N 53 қаулысына  
N 3 қосымша

Журналдар мен газеттер редакцияларының залалдарын  
өтеуге 1996 жылы республикалық бюджеттен бөлінетін  
қаражат

(мың теңге)

---

Құрылтайшы | Бөлінетін | Газеттер мен журналдар  
| қаражат | редакцияларының атауы

---

Баспасөз және	486000	Егемен Қазақстан	(газет)
бұқаралық ақпарат		Казахстанская правда	(газет)
істері жөніндегі		Коре ильбо	(газет)
ұлттық агенттік		Уйғур авази	(газет)
		Дойче альгемайне	(газет)
		Украински новини	(газет)
		Балдырған	(журнал)
		Ұлан	(газет)
		Дружные ребята	(газет)
		Қазақ елі	(газет)
		Түркістан	(газет)

Ана тілі	(газет)
Новое поколение	(газет)
Жас алаш	(газет)
Қазақ әдебиеті	(газет)
Ақиқат	(журнал)
Мысль	(журнал)
Ақ желкен	(журнал)
Жұлдыз	(журнал)
Жалын	(журнал)
Постор	(журнал)
Парасат	(журнал)
Апталық заң газеті	
Абай	(журнал)

Қазақстан Республикасы  
 Үкіметінің  
 1996 жылғы 11 қаңтардағы  
 N 53 қаулысына  
 N 4 қосымша

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің республикалық  
 бюджеттен жергілікті бюджеттерге берілетін арнаулы оқу  
 орындарының  
 ТІЗБЕСІ

Ақмола облысы

1. Ақмола құрылыс және менеджмент колледжі

Атырау облысы

2. Атырау политехника колледжі

Шығыс Қазақстан облысы

3. Өскемен құрылыс колледжі

Батыс Қазақстан облысы

4. Орал политехника колледжі

Қарағанды облысы

5. Қарағанды дене тәрбиесі техникумы



6. Теміртау политехника колледжі
7. Шахтинск технология колледжі

Көкшетау облысы

8. Щучинск индустриялық-педагогика колледжі
9. Көкшетау политехника колледжі

Павлодар облысы

10. Павлодар машина жасау колледжі
11. Павлодар химия-механика колледжі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 11 қаңтардағы  
N 53 қаулысына  
N 5 қосымша

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация  
министрлігінің 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап  
республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге  
берілетін кәсіптік-техникалық училищелерінің

ТІЗБЕСІ

Ақтөбе облысы

1. N 1 КТУ

Ақмола облысы

2. N 1 КТУ

Шығыс Қазақстан облысы

3. N 1 КТУ

Жамбыл облысы

4. N 2 КТУ

5. N 7 КТУ

Қызылорда облысы

6. N 2 КТУ

Павлодар облысы

7. N 6 КТУ

Семей облысы

8. N 5 КТУ

Оңтүстік Қазақстан облысы

9. N 1 КТУ

Алматы қаласы

10. N 4 КТУ

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 29 сәуірдегі  
N 53 қаулысына  
6-қосымша

Ескерту. Қаулы 6-қосымшамен толықтырылды - ҚРҰ-нің  
1996.04.29. N 530 қаулысымен.

1996 жылы таратылуға, қайта ұйымдастырылуға, шаруашылық  
есепке көшірілуге және жекешелендірілуге жататын  
денсаулық сақтау мекемелерінің тізбесі

1. Облыс
2. Төсектердің қысқартылуы

Мекемелердің таратылуы:

3. Ауруханалар
4. Диспансерлер
5. Емханалар
6. Диспансерлер аурухана мек. бөлімшелері болып қайта  
ұйымдастырылсын
7. Селолық дәрігерлік амбулаториялар
8. Селолық учаскелік ауруханалар
9. Санаторийлер
10. Денсаулық орталықтары
11. Денсаулық пункттері
12. Қалалық сан-эпидстанциялар дезстанциялар
13. Аудандық сан-эпидстанциялар

Қайта ұйымдастыру:

14. Селолық учаскелік ауруханалар, селолық дәрігерлік  
амбулаторияларға

15. Селолық дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік

акушерлік пункттерге

16. Шаруашылық есептегі стоматологиялық емханаларға ауыстыру

17. Жекешелендіру

---

1	2	3	4	5	6	7	8	9
Республика								
бойынша	5300	3	5	6	9	5	7	4
барлығы								
Ақмола								
Ақтөбе								
Алматы								
Атырау								
Шығыс Қазақстан	530	2	3					2
Жамбыл	1	2						
Жезқазған	1000							
Батыс Қазақстан								
Қарағанды								
Қызылорда	450	1			4	7		
Көкшетау								
Қостанай	2930							
Маңғыстау	390				4	1		
Павлодар								
Солтүстік Қазақстан								
Семей								
Талдықорған					2			
Оңтүстік Қазақстан			1	4	3			2
Алматы қаласы								

---

10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17

4 | 20 | 3 | 5 | 52 | 6 | 10 | 16

20 | 2 | 3

1 | 1

4

1

1 | 5

4

		15		3	3
		20	6		
1				1	
	2				
1					
	1	3			
			4	10	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК